

# БҰЙРЫҚ № 1

2025 жылғы « 02 » қыркүйек

## Бракераж комиссиясын құру туралы

«Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығының негізінде балабақшадағы тағамның сапасы мен санитарлық нормалардың сақталуы, сондай-ақ азық-түлік өнімдері мен дайындалған ыдыс-аяқтарды тексеру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Зере» бөбекжай балабақшасында тамақ сапасын бақылау үшін бракераж комиссиясы құрылсын.

2. Бракераж комиссиясының құрамы бекітілсін:  
комиссия төрағасы менгеруші – А.Ж.Тайпетова  
комиссия мүшелері :

- В.К.Ерғазиева - медбике
- А.Кадирбергенова- аспазшы
- Т.Ж.Иржанова - тәрбиеші
- А.К.Совет – жалпы ата-аналар комитетінің төрағасы

3. Комиссияның міндеттері:

- өнімдердің, дайын ыдыстардың сапасын, оларды сақтау және дайындау шарттарын жүйелі түрде тексеру;
- тәрбиеленушілерді тамақтандыру процесінде санитарлық нормаға сәйкестігін бағалау;
- тексеру нәтижелері бойынша актілер мен хаттамалар жасау;
- анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау.

4. Комиссияның жұмыс тәртібі:

- комиссия күн сайын (немесе бекітілген кесте бойынша) тексеру жүргізеді;
- бұзушылық анықталған жағдайда оларды жою шаралары көрсетілген актілер жасалады;
- тексеру нәтижелері мен есептер МДҰ басшылығына беріледі.

5. Комиссия мүшелерінің жауапкершілігі:

- комиссия мүшелері өз міндеттерін адал және уактылы орындауға, тексеру нәтижелерін есепке алуға және МДҰ басшылығына ақпарат беруге;
- өнім сәйкес келмеген немесе санитарлық нормаларды бұзған жағдайда комиссия мүшелері бұзушылықтар туралы дереу хабарлауға міндетті.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау медбике В.К. Ерғазиеваға жүктелсін.

«Зере» б/б менгерушісі:



А.Ж.Тайпетова

Бұйрықпен таныстым және келісемін:

Ерғазиева Венера Кадирбергеновна медбике  
Кадирбергенова Жанаролма Байғожа аспазшы  
Иржанова Түрелігүл Жасандық тәрбиеші

Бөкітсемін  
 «Зере» б/б менгерушісі,  
 А.Ж. Гайретова  
 «09» «02» «2025»

**«Зере» бөбекжай балабақшасының бракераж комиссиясының жұмыс жоспары 2025-2026 о.ж**

Ай	Тапсырмалар	Жауапты	Нәтиже/құжаттама	Шікірлер
Қаңтар	1. Өнім сапасын тексеру 2. Ас блогының санитарлық жағдайына шолу.	Аспаз, медбике, комиссия төрағасы	Тексеру актісі, бракераж журналы	Мерекелерден кейін азық-түліктің сақталу шартының сақталуын тексеру
Ақпан	1. Маусымдық өнімдерге негізделген тағамдарды бағалау. 2. Тағамды сақтау және жібіту сапасын бақылау.	Тәрбиеші, аспаз, комиссия төрағасы	Тексеру хаттамасы, бракераж нәтижелері	Мәзірдегі маусымдық өзгерістерге назар аудару
Наурыз	1. Ас блогындағы гигиеналық нормалардың сақталуын тексеру. 2. Өнімдердің жарамдылық мерзімін қадағалау.	Медбике, аспаз, комиссия төрағасы	Бракераж журналы, тексеру есептері	Ас блогының санитарлық жағдайын тексеру
Сәуір	1. Көктемге байланысты тағам құрамының өзгеруін бағалау. 2. Тағам сапасына қатысты ата-аналардың арыз-шағымдарын талқылау.	Тәрбиеші, комиссия төрағасы	Бракераж журналы, шағымдар туралы есеп	Ата-аналардан түскен арыз-шағымдар мен ұсыныстардың жауабын тексеру
Мамыр	1. Жазғы тағам режиміне дайындық. 2. Тоңазытқыш жабдықтардың санитарлық жағдайын тексеру.	Медбике, аспаз, комиссия төрағасы	Жабдықты тексеру актісі, бракераж нәтижелері	Жазғы маусым басталғанға дейін тексеру
Маусым	1. Жазғы тағамның сапасын бақылау.	Медбике, аспаз, комиссия	Тексеру хаттамасы, алдын алу шаралары туралы	Жаздың аптап ыстығынан болатын

	2. Улануға профилактикалық тексеру.	төрағасы	актілер	қауіптерді тексеру, азық-түліктердің сақтау мерзіміне назар аудару
Шілде	1. Өнімнің жеткізілуін, сақтау нормаларының сақталуын тексеру. 2. Жазғы тамақтануды қорытындылау.	Аспаз, медбике, комиссия төрағасы	Бракераж журналы, жазғы тамақтану есебі	Жазғы маусымда қосымша тексерулер жүргізу
Тамыз	1. Күзге ас мәзірін дайындау. 2. Ас блогының жұмысын және өнімдердің құрамын бағалау.	Тәрбиеші, аспаз, комиссия төрағасы	Бракераж журналы, тексеру актісі	Жаңа оқу жылына жоспар құру
Қыркүйек	1. Жаңа өнімді жеткізу сапасын тексеру. 2. Санитарлық нормалардың сақталуын бақылау.	Аспаз, медбике, комиссия төрағасы	Тексеру хаттамасы	Жеткізуде маусымдық өзгерістерге назар аудару
Қазан	1. Суық мезгілге тағамның дайындалуын бақылау. 2. Тоңазытқыш жабдықтарды тексеру.	Мұғалім, аспаз, медбике	Тексеру есептері	Қыс мезгіліне дейін профилактикалық тексеруден өткізу
Қараша	1. Маусымдық өнімдерге байланысты мәзірдегі өзгерістерді бағалау. 2. Сапаны бақылау тексерулерін жүргізу.	Аспаз, медбике, комиссия төрағасы	Тексеру хаттамасы, тексеру нәтижелері туралы есеп	Маусымдық тағамдар мен өнімдерді тексеру
Желтоқсан	1. Тамақтану сапасын бағалау. 2. Комиссияның алдағы жылға жұмысын жоспарлау.	Тәрбиеші, аспаз, комиссия төрағасы	Тексеру актісі, келесі жылға жұмыс жоспары	Жаңа жоспар құру